

тартілған белгім бір жүйеге көтіруге және ішіндегі жауапсyzдіктерін анықтаудың стүгесінде және оның салынысы басты парты; Көтөмшесін бірге өркениелеп, етек жайын тұндастыруда.

### Хаттама

Сыбыйлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша семинар-кенес

29.03.2024 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық аураханасы» комплаенс қызметі семинар кенес өткізді;

Қатысқандар: ШЖҚ «Көксу аудандық орталық аураханасы» МҚК-ның Дәрігерлік амбулатория Алгабас, Мукры, Мамбет, З.Тамшыбай, Жарлыозек, Көксу. Медициналық пункттер Қызылтоган, Маулембай, Бесқайнар, Фелдшерлік амбулаториялық пункт Жамбыл, Енбекшіқазақ, Жетіжал, Айнабулақ ауылдары.

Комплаенс-офицер Нұржітіова С.Б.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар тұжырымдамасының жобасы.
2. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы
3. Пара алу және пара беру түсінігі

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекітті.** Мемлекет басшысы 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекітті. Оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында 2023 жылы Құқық қорғау және сот органдарында парасаттылықты немесе Integrity check тексеруді енгізу тетігін әзірлеу көзделген.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парапорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парапорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқыктары мен заңды мұдделерінің бұзылуына тұрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен құрес арнағы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі

тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендер, етек жайып, етіне сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік мемлекет Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында медициналық қызметкерлеріне үстемдік мақсатты жұмсау мәселелері ерекше бақылауда және тұрақты негізде тиісті жұмыстар жүргізеді. Қазақстан Республикасында пара алу жіне беру әрекеттері заңсыз болып табылады және қылмыстық кодекспен әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодектің әрекет ету саласына жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында, сондай-ақ өзге де зандарда көзделген, зандарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлықпен жымдақан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекет.

### **Пара**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі парамен байланысты қылмыстың екі түрі қарастырады:

пара алу (366-бап);

пара беру (367-бап).

Пара алу - ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалаумен бірге жүрсе, ол лауазымды адамның занды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен артықшылықтар алушан тұрады.

Пара беру - лауазымды адамды занды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауга көндіруге, не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

### **Пара деп түсініледі:**

Заттар-ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер участкелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

Қызметтер мен пайдалар - емдеу, жөндеу және құрылымдық жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмендетілген құнмен төлеу.

## **Пара алғаны үшін кім жауапқа тартылуы мүмкін?**

Мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілетті лауазымды тұлға және оған теңестірілген тұлға пара алушы деп танылуы мүмкін.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар — мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар.

Семинардың қорытындысы бойынша келесі шешім қабылданды:

Берілген ақпаратты ескере отырып;

1. Басқарманың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына бөлім қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа және басқа да құқық бұзушылықтарға жол бермеу (профилактикалық әңгімелесулер, семинарлар өткізу, сондай-ақ бөлім ғимараттарындағы ақпараттық стендерде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ұнпараттар ілу) бойынша жұмыстарды жүргізу тапсырылсын.
2. Құқықтық қамтамасыз ету бөліміне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға мониторингті жалғастыру және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы қызметкерлерді жедел хабардар ету ұсынылсын.
3. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдесетін адам Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеген тәртіппен көтермеленеді.

Көбіне жалған ақпарат хабарлаған адам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Комплаенс офицер: Нұржігітова С.Б.

